

БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

**М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті білім,
бизнес, құқық,
жаратылыстану,
гуманитарлық,
техникалық,
технологиялық, ауыл
шаруашылығы, өнер,
мәдениет және қызмет
көрсету мамандықтары
бойынша жоғары
және жоғары оқу
орнынан кейінгі
білім беру бойынша
мамандар дайындаумен
айналысатын көп
салалы жоғары оқу
орындарының бірі
болып табылады.**

**Университет
қарамағында 12 факультет,
Инновациялық білім беру
технологиялары институты,
колледж бар.**

Әлемнің үздік университеттерінің QS халықаралық рейтингінде ОҚМУ есепті жылда 490-орынға ие болды, ал Ұлттық рейтингте Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі рейтингінде үшінші орында. Өткен жылы Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігінде университеттің бакалавриаттың 58 мамандығы, магистратураның 45 және PhD докторантураның 7 мамандығы, жалпы университеттің 110 білім беру бағдарламалары аккредиттеуден өткізілді.

Ал, университеттің бірнеше мамандығы ASIIN (Accreditation Agency Specialised in Accrediting Degree Programmes in Engineering, Informatics, the Natural Sciences and Mathematics) германдық



агенттігінде аккредиттеуден өткізілді. Қазіргі таңда ASIIN-де аккредиттеу мәртебесіне техникалық бағыттағы 13 білім беру бағдарламасы ие. Аталған агенттікте аккредиттеу нәтижесі бойынша 4 мамандықтың Eurobachelor® сапа белгісі бар: «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «Химия» және «Баяу балқитын металл емес және силикатты материалдардың химиялық технологиясы».

Қазіргі таңда «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасы 6B07130 – «Көлік, көліктік техника және технологиялар», 6B07131 – «Автосервис және фирмалық қызмет көрсету», 6B11310 – «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру», 6B11311 – «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру», 6B11312 – «Көлік логистикасы» мамандықтары бойынша

бакалаврларды және 7M07130 – «Көлік, көліктік техника және технологиялар», 7M07132 – «Көлік техникасын техникалық пайдалану» мамандықтары бойынша магистрлерді даярлайды. «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы Еуроодақ қаржыландыратын халықаралық «ERASMUS+ бағдарламасының «Экономика, экология және жоғары жылдамдықты магистральдар инфрақұрылымы» атты жоба аясында жұмыс істеуде. Сондай-ақ жоба бағыттары оқу үрдісіне енгізілуде.

**А.КАЗЕНОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті
«Көлік, тасымалдауды және
қозғалысты ұйымдастыру»
кафедрасының
PhD докторы,
У.Усипбаев, т.ғ.к., доцент,
Б.ЗИЯБЕКОВ,
магистр, оқытушы.**